

1 2007  
84 к



# ӘСИЯ ОРЫНБАЕВА



## ҚОШТАСУ АЛТЫБАҚАНЫ





**ӘСИЯ ОРЫНБАЕВА**

**ҚОШТАСУ  
АЛТЫБАҚАНЫ**





ББК 84 Каз 7-4  
0-74

# ӘСИЯ ОРЫНБАЕВА

## ҚОШТАСУ АЛТЫБАҚАНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АПАРАДЫҚ АНДӘРАМАНАСЫ



Алматы  
“Жалын баспасы”  
2006

ББК 84 Қаз 7-4  
О-74

**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат министрілігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

**Орынбаева Әсия**

**О 74** Қоштасу алтыбақаны: Проза. – Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2006. – 288 бет.

ISBN 9965-693-35-8

Өзгенің мансабын, байлығын, бақытын көре алмаушылық, біреудің уыздай ұйыған отбасы қызығын кешіре алмау, тіпті өзі жұтып жүрген ауаға ортақтығына іштарлық ету, міне, осы бір қауіпті кеселге шалдыққан тағдырлар шиеленісі жазушының “Қызғаныш” пөвесіне арқау болған. Адамдардың қыйлы-қыйлы тағдыры – әңгімелерінің басты тақырыбы.

Жазушының тілі шұрайлы, кітәп тартымды, оқиғасы мен ойлары оқырманды үнемі қызықтырып, ынтықтырып отырады.

О  $\frac{4702250201-11}{408 (05)-01}$  05-2006

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-693-35-8

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2006

# ҚЫЗҒАНЫШ

## ПӨВЕС

### РЭКЕТКЕ КҮНІ ТҮСІП...

– Сізді рэкет деп естіп, іздеп келіп едім. Жұмысым бар еді сізде... – толықша денелі, соңғы сәнмен әсем киінген ақ өнді әйел күмілжи сөйлеп, төменшіктеп тұрса да, жігіттің бетіне көз астымен сынай қарайды.

– Охо! Бас жоқ, аяқ жоқ, рэкетсің деп жала жауып, күстаналағаныңызға жол болсын! – Мына сөз құлағына тосын естіліп, соған ренжіген қалып танытқанымен, жігіттің езуіндегі жымыиыс оның шын ашудан аулақ екендігін әйгілеп-ақ тұрды. Рэкет дегенді бір қаныпезер қарақшы, адам қанын ұрттап ішсе де беті бүлк етпейтін, көзі ежірейе қанталаған еңгезердей пәлекет шығар деген оймен алдына жапырақтай қалтырап келген әйел мұның түр-тұлғасы сол адамына мүлде ұқсамағандығына таңырқап, алданып қалғандай сезімде тұрғанын айнытпай таныған жігіттің екі езуі тіпті жайыла берді. – Ондай сөзді қайтып аузыңызға алмаңыз. Тегін жүрмегеніңізді, басыңызға іс түсіп, менің көмегім қажет болған соң амалсыз табалдырық аттағаныңызды танып тұрмын. Әрі... – жігіт қой көздері күлімдеп жақындай түсті. – Менің қызметіме төлейтін ақшаңыз да көп болуы керек. Әсте талғамыңызға тәнтімін. Қолына мол ақша тие қалған кейбір қыз-келіншектер киімнің қымбатына жүгіріп, ол өзіне жараса ма, өңіне, мінез-құлқына, жасына үйлесе ме, оған мән беріп жатпастан үстіне жапсырып алып кердендеп кеп бергенде, қарап тұрып кірерге тесік таппаймын. Ал сіз маған ұнайсыз. Болды, болды, қызармай-ақ қойыңыз, енді мақтамаймын. Демек, бізге ақша қажет, ал сіз күшті жігіттердің көмегіне зәрусіз. Мәселенің ашығы жақсы, солай емес пе? Бас изеуіңізге қарағанда, сіз бен біз тіл табысатын сияқтымыз. Әуелі танысып алайықшы, аты-жөніңіз кім? Мен – Ықтаймын.

Бағанадан өзін әзер тежеп тұрған әйел еріксіз күліп жіберді.

– Ықтай? Мүмкін, Ақтай шығар?..

– Жоқ, Ақтай – менің ағам. Ал мен Ықтаймын. Оның несіне таңдандыңыз? Біздің бір нағашымыз ұзақ жыл ауылкеңестің төрағасы болып істеген. Бүкіл ауыл балалары-



ның атын сол кісі қойып келген ғой. Үнемі жаңа да әдемі есім ойлап таба беру оңай деймісіз. Содан кейін амалсыз сол үйдің алдыңғы көгенкөздерінің есіміне ұйқастырып, аузына түскен атты қоя берген. Қазақтың момындығы дейміз бе, надандығы деуге бола ма, өзінің туған баласына лайықты есім іздестіруге де ерініп, “Аузыңыз дуалы еді, өзіңіз қойып бере қалыңыз”, – деп, әлгі кісіге жаутаңдап тұрғаны. Есімде тұрған не бар, аман болса бопты дейді ғой баяғы. Баласына “Жаманбай”, “Көди-сөди” деген ат беру арқылы, “оған керегі жақсы ғой, мына жаман жер бетінде жүре берсін де” деп, құдайдың өзін алдамақ болатын қайран қазекең ертең ол баласы мына сіз сияқты сұлу келіншектермен таныса қалғанда, сол құрғырлар ұлымының есіміне сонша мән беріп шұқшияды-ау, сонда апталдай азамат қызарандап, пеліктен олай аталғанын түсіндірем деумен жарты сағат уақытын босқа жоғалтар-ау деп ойлап жатпаған ғой.

– Мәссаған, шынымен ренжіп қалдыңыз ба? Сірә, келіншектермен жиі танысып, есіміңіздің тарихын түсіндіруден-ақ шаршап, жүйкелеп қалған түріңіз бар. Ал сөздеріңіз жатқан бір монолог, осынша ағыл-тегіл сөзді қайдан тауып ала бересіз?

– Сіздей көктем рәуішті періштенің қасында тұрғанда ағытылмаған тіл мен жақ қаусап түсіп қалса болмас па? Мен, жалшы, реніш-уайымға қоңсы қона бермеймін, оған әлі өз көзіңіз де жетеді. Қаласаңыз, есімімнің тарихын тағы бір қайталап беруге бармын. Еріккеннен сайрап тұр дейсіз бе, сізді қасымда ұзағырақ ұстаудың амалы ғой. Менің бір көршім бар. “Ассалаумағалейкум!” деп сәлем бере қалсаң, қолыңды жуық арада босатудан үмітінді үзе бер. Қашан көрсең қып-қызыл болып жүретін, әйелдікі іспетті пісте мұрнын тартқылап қойып, ұзақ-сонар ауруларын түгендеп, санамалай бастайды. Содан мезі болғандар оны көрсе де көрмегенсіп өте шығады. Сынықтан басқаның бәрі жұғады дегендей, сол көршімнің науқасынан мен де сау қалмаған шығармын. Көп сөйлеп ығыр қылсам, кешіре көріңіз. Сөйтіп, мен – Ықтаймын. Ал сіз?

– Менің атым – Асылзерде.

– Охо... екі адамға молынан жетерлік есімді жеке иеленіп жүрген бақытты жан сіз екенсіз. А-сыл-зер-де. Керемет!

– Қайбір керемет дейсіз, әкемнің өзі асыл болсын, өзі зерделі болсын деген үміті ғой.

– “Ықтайдан” анағұрлым сәнді де мәнді екені рас қой енді. Оның үстіне өзіңізге керемет жарасады екен...

Ықтай сөзін кілт үзіп, әйелдің бетіне анық тамашалай қарады. Расында, күнделікті көріп жүрген көп әйелдерден

өзгеше екенінде дау жоқ. Кесек бітімді ақ өңіне құс тұмсықтау мұрыны бірде құйып қойғандай жарасып тұрса, кейде еркекке де ұқсатып жібереді. Әсіресе көзі ғажап. Ақшыл-қоңыр қарашығы екі-үш қадам қашықтықтан қарасаң, мүлде көрінбей, көзі ақ айрандана жылт-жылт етіп, қорқыныштылау көрінеді екен. Әлгінде, өзі айтпақшы, ұзақ монологтар кезінде, Ықтай әдейілеп әрі-бері қозғала жүріп бақылаған. Ал жақындасаң, ағы ақ, қоңыры қоңыр болып мөлдіреп, жарасып-ақ тұр. Алақандай бетіндегі осындай карама-қайшылықтары адамды тандандырып, еріксіз үнілте қаратып, қайтып ұмытылмастай есте қалып қоятын секілді. Бір қарасаң, нәп-нәзік үлбіреп тұрады, сәл орын ауыстырып көз салсаң, алдыңнан ер пішінді, қатал жүзді әйелді көресің.

Асылзерде жігіттің отты жапарынан ығысын, төмен үңілді. Мұнысы әйелдің қылымсыған айласы емес, тап-таза жан дүниесінің қымсынуы екенін таныған жігіт “ұялта бермейін” дегендей, көзін терезеге аударып, ойланып қалды. Іле бойын жиып, әйелді диванға отырғызды да, өзі екінші шетіне жайғасты.

– Ал, құлағым сізде.

Көрісіп-таныспай жатып-ақ сайрай жөнелген жігіттің ашық мінезіне орай ойнақы кылыққа өзінің қай кезде ауысып кеткенін андамай қалған әйел келген жұмысы енді есіне түсіп, лезде өзгерді. Ерні кемсендеп, жігітке жыламырай қарады.

– Айналайың-ау, екі бірдей ұлымды ұрлап әкетіп, сорлап қалдым. Міне, екі күн болды, өлі мен тірінің арасында жүрмін. Құлыншақтарым-ай, қай жерде, қандай күйде екенсіңдер... Тек, әйтеуір, менің өзінен күдіктенетінімді біледі, артық қимылға бармайтын шығар деп қана өзімді жұбатамын. Әйтпесе...

– Тоқтаңыз! Сонда сіз кім ұрлағанын білесіз бе?

– Білетін сияқтымын. Сол сұмырай, менен өш қайтарған сиқы болуы керек. Бұл қалада мені білетін де, бұл дүниедегі жалғыз жауым да сол ғана.

– Қойыңызшы. Шынымен-ақ сіздің де жауыңыз болуы мүмкін бе? Құдайым мені оның орнында болудан сақтасын. – Ықтай әйелдің енді қалжың көтерер жайы жоғын байқап, тезірек іске көшуге асықты. – Ал... милиция не дейді?

– Милицияға хабарлаған жоқпын. Білесіз бе, бұл өзі кез келген адам түсіне бермейтін жағдай. Олар оның ұрлау себебін сұрап қазбалайды ғой. Маған оның қажеті шамалы. Ол оңбағанның да тілеп отырғаны сол, менің сөзіме ешкімнің нанбайтынын біліп, аяғына өзімнің барып жығылуымды күтіп отыр. Кешеден бері менің білгенім, оның жалғыз қызы бар көрінеді, студент екен. Соны ұрлап алып, айырбас жасауға көндірсек қайтер еді?

– Мұныңыз бас кететін іс қой?!

– Онда сізге не үшін келдім? Менің білуімше, рэ...э-э... сіздер тәуекелге бас тіккен жанкешті емессіздер ме? – Ықтайдың қабағы шытыла қалғанын аңдап, әйел жуып-шаюға асықты. – Мен ақысы жөнінен еш ренжітпеймін.

– Соншалықты байсыз ба? Біз көп сұрайтын “жанкешті” болуымыз мүмкін.

– Қанша сұрасаңыз да табамын. Тек балаларым аман-есен оралса болды. Менің екі бірдей ұлымды ұрлағанда, басы кететінін ол неге ойламайды, біз неге күмілжуіміз керек?

– Иә, бұл бір үлкен іс екен.

– Уақыт өткізбей, тез кіріссеңіздер екен. Көп шудың қажеті шамалы. Ол өзі былайша жалын күдірейте күпсінгенімен, барып тұрған қорқақ адам.

– Ол кім өзі? Қандай танысыңыз?

– Еренбақ Көпболсынов деген. Көп болсын деуін қарашы, мұндай “ерен бақтар” көп емес, жоқ болуы керек.

– Қалай?.. – Ықтайдың көзі шарасынан шыға бақырайып кетті. – Әлгі...

– Иә, соның өзі. Немене, ол болса бас тартайын деп пе едіңіз? Қорқып кеттіңіз ғой.

– Жоқ... бірақ қызық екен. Сондай халыққа белгілі үлкен кісі неғып бала ұрлаумен айналысып жүр дегенім ғой. Шынымен жақсы танысыңыз болса, ол кісінің әйелдерге ғана осалдық көрсететінінен хабардармыз.

– Жоқ, мәселе мүлде сіз ойлағандай емес. Мен бар-жоғы бір-ақ рет көрдім. Бірақ соның өзінде шын кейіпін байқап, бетнердесінің астынан қандай адам екенін танып қалдым.

– Ендеше, былай болсын. Сіз менен еш сыр жасырмай, бәрін айтуыңыз керек. Әйтпесе мен сізге көмектесе алмаймын. Менің мақсатым – ақша табу ғана емес, жазықсыз жандарға көмектесу. Кінәсіз екендігіңізге көзім жетсе, жеңіс сіздікі. Ақша үшін адам өлтіретін баскесер біздей болмайды, қолдан келгенше әлсіздердің есесін қорғап жүрген жайымыз бар. Сондықтан, қандай жасырын сыр болса да, менің азаматтық арыма тапсырыңыз. Ештенені бүкпей баяндай беріңіз.

– Расында, сізге бәрін басынан бастап айтпасам, түкке түсінбейсіз. Өзіме де бір адамға шешіліп, сыр бөлісу керек болып жүр еді. Кейде, шынымды айтсам, өзімді ұйқтап жатқандай сезінем. Ояна келсем, сары далада қой соңында жүретін секілдімін. Осы бір оқиға өмірімді аяқ астынан жүз сексен градусқа өзгертіп жібергеніне әлі де сене алмаймын. Сіздің түсіңіз жылы, сенуге болатын адамға ұқсайсыз. Өзіңіз айтпақшы, азаматтық арыңызға тапсырдым...

## ӨНІМ БЕ ӘЛДЕ ТҮСІМ БЕ...

Асылзерде әлдебір оқыс дыбыстан шошып оянды. Дүрс-дүрс соққан жүрегі аузына кептеліп, қара терге түсіп жатыр екен. “Біссімлда, сол жағыммен жатып қалған екенмін ғой”, – деп күбірледі аударыла беріп. Үй іші тастай қараңғы. Қорқыныштан ба, әлде тоназып қалған ба, денесінің ұсақ дірілін баса алмай, көрпесін иығына тартып қымтана бергенде, әлгіндегі оқыс дыбыс тағы құлағына келгендей болды. Елең етіп, демін ішінен ала тындай қалды. Тым-тырыс, өлі тыныштық. Өзіне-өзі сене алмай, құлағым алдағай деген үмітпен, тырп етпей дыбыс аулады. Жо, құлағы алдамапты. Ұзамай әлгі дыбыс тағы қайталанды. Дәп бір үй толы адамдар дәмді қалжыңға қарық болып, ду жарыла күлгендей. Бірақ күлкі қалай оқыс басталса, солай кілт тыйылды. Демін тұншыққанша ішіне тартып, тағы құлақ түрді. Әне, тағы күлді. Бұл жолы жамырай шыққан күлкіні анық ажыратты. Бірақ біртүрлі, біреуі маңырай, біреуі мөңірей, кісіней күлетін секілді ме-ау... Асылзерденің маңдайын суық тер басып, ессіз үрейден қалшылдап кетті. Апыр-ау, айдаладағы жалғыз үйде өзінен басқа жан жоғы айдан анық. Әйтеуір, әлгі бір әзірде елегізіп жатып көзі ілінгенше солай болатұғын. Күлкі тағы қайталанды. Бұ не сұмдық? Өзі ұйқыда жатқанда біреулер келген шығар дейін десе, күлкі үй маңынан да емес, сырттан, үйге таяу салынған мал қорадан шығатын секілді. Бұ не жұмбақ? Осы мен әлі де ұйқтап, түс көріп жатпайын деген ой келіп, өзін-өзі қара саннан аямай шымшып көрді. Айқайлап жібере жаздап, аузын көрпемен жаба қойды. Енді зәресі ұшқан әйел басын да тұмшалай орап, қымтанып алды. Демалысы ауырлап, жүрегі қағып, қара терге шомылса да кимылдауға батылы бармай, ұзақ жатты. Таң әлденеше ататындай уақыт өткен секілді. Көрпе саңылауынан ұрлана көз салып, қанша андығанымен, терезеге қылаң жүгірер түрі жоқ.

“Қорқа, қорқа батыр болдым” дегендей, әбден азапқа түскен әйел бір кезде батылдана бастады. “Әй, құдай берген жанды өзі алады. Дәл осы маған арнайы келген жау болса, алып-ақ кетсінші. Ит-құс оттан қорқушы еді ғой” деген оймен, жатарда қол созым жерге дайындап қойған шырпыны алып, қасында тұрған шамның білтесіне тигізді. Киімдерін түгел киініп барып, орнынан тұрды. Есік қасына жүрексіне жақындап, сыртқа құлақ түрді. Жаңағы ду жарылған күлкі жоқ, енді біреулердің күбір-күбір сөйлескендері естіліп тұр. Қапысыз, әлдебіреу қасындағыларға қызықты бір жәйтті әңгімелеп отыр. Сөзін ажыратарлық емес, бірақ ер адамның даусы екені анық. Бар ынты-шынтысымен! зейін қойған әйелге

бір сәт дауыс таныс сияқты болып кетті. Маскара!.. Ергеш... сол боп жүрмегей...

Асылзерде енді не ойларын білмей, мүлде шатасты. Күйеуінің қайтыс болғанына жылға жақындап қалған, қайдан ол болсын? Әй, дәу де болса, жолдан адасқан жолаушылар шығар. Есік қағып, қатты ұйқыда жатқан мен естімеген соң қораны паналап, таңды күтіп отырған болар. Ұры-қары болса, бүйтіп жайма-шуақ әңгіме-дүкен құрар ма еді? Сол, мен есік тарсылдатқандарын естімей қалғаным-ақ. Ұйқым қатты ғой. Балалардың жас кезінде түнде жылағандарын естімей ғап, Ергеш марқұм жұлқылап, ұрсып жатып әрен оятушы еді.

Әйел осы ойдан әжептәуір қуаттанып қалды. Есіктің ілгегін батыл ашып, сыртқа шықты. Шынында, мал қорадағы шам жанып тұр. Түнде сөндіріп жататұғын. Ақырын басып кеп, есіктің тақтайлары ырсынып, ажырап кеткен саңылауынан ішке үңілген. Іле көзі шарасынан шыға басып жұлып алды. Төбе күйқасына дейін шымырлай, дыбысын сездірмеуге тырысып кері шегінді. Үйге кіріп, тысырын білдірмей ғана есіктің барлық ілгегін ілді. Шамды сөндіріп, киімшең қалпы тосегіне қойып кетті. Не ойлап, неге жорырын білмей, делсап күйде жатты да қойды. Бір кезде: “Осы мен айдаладағы үйде жалғыз тұрамын деп жынданып кеткен шығармын” деген ой келді. Өзіне жаны ашып, өзін-өзі аяп жылағысы келгенімен, көзіне жас үйіріле қоймады. Екі ай бойы ат ізін салмай, бақсы құсатып жалғыз тастаған туыстарына ренжіді. Тез арада көмекші жіберем деп алдап кеткен совхоз басшыларын қарғап-сіледі. Орталықтағы интернатта оқып жүрген егіз ұлын сағынып, іші елжіреді. Ендігі кезекте марқұм күйеуін есіне алып, босап бара жатқандай еді, жаңағы көргені сап етіп көз алдына көлденеңдей қалғаны... Бар денесімен селк етіп, шошындырған елесті жанталасып қумақ болғаны, қайтадан балаларын ойлап аландамағы түкке жарамай, еріксіз тағы басын тұмшалай берді...

Таң да атты-ау. Бозалаң тартқаннан бастап, дала сүттей жарық болғанша терезеден көз алмады. Күн арқан бойы көтерілгенше төсегінен тұруға қорқты. Әбден езіліп, талықсып шаршаған әйел жарқырай құйылған күн шуағы үйге көңілділік дарытып, үрейін сейілткендей болған кезде ғана орнынан тұрып, жан-жағына секемдене қарағыштаған күйі далаға шықты. Қора жаққа қарауға бетінен басып, одан әріректегі ашық шарбақта қамаулы тұрған қойларға беттеді. Уақытында өріске шықпай ашығып, тықыршып тұрған жануарлар бірін-бірі баса-көктей жанталасып, жайылымға

лап қойды. Үйіне беттей бергенде қорадан сиырдың мөңірегенін естіп, қалт тоқтады. Бар зейінімен құлақ тұрді. Үсті-үстіне мөңіреген сиыры уақтылы сауылмағанын, күнделікті өріске шығар мерзімінің ұзап кеткенін ескерткісі келгендей. Үйреншікті дауысы. Денесі құсеттенген келіншек екі аяғына кезек басып, күмілжіп біраз тұрды да, амалсыз қораға қарай беттеді. Жүрегі аузына тығыла тұрып есікті ашты. Мойнын созып, ішке үңіле қарады. Малы үйреншікті орындарында, кеше өзі байлаған күйінше тұр. Қораның бұрыш-бұрышына сезіктене көз жүгірткенімен, бөтен-бастақ ештеңе байқалмады. Жүрегі дүрсілдей жүріп сиыры мен тайыншасын, құлынды биесі мен қой бағатын жуас торыны далаға айдап шығарды. Сиырды қорадан аулақ алып кетіп, есік алдына апарып, бауырына еңкейді. Сауып отырғанда да бөтен жаққа бұрыла алмай, қамшыдан ығыр болған жегін ат құсап, көз қиығымен сиырдың басын бақты. Назары тайса-ақ мына жайбарақат пышылдап тұрған жұп-жуас сиыры көзін алайта төніп кеп қалатындай көрінеді. Күндегісіндей күзгі қою сүтті қақтап саумай, шалашарпы аяқтап, анадай жерде айналшықтап жүрген тайыншасына қарай айдап салды. Жүре оттап, үйреншікті жайылымына ұзай берген жануарлардың соңынан қарап тұрып, Асылзерде үстінен жүк түскендей, жеңілейе күрсінді. Биенің аяғына шідер салып, құлынымен оны да өріске жіберді. Ең ақырында жалдас торыны суарып, ерттеп мінді де, қой соңынан өзі де өріске беттеді.

Айдалада жүрсе де, Асылзерде біреу өзін сыртынан бағып, бақылап жүргендей бір сезіктен арыла алмай-ақ қойды. Әрбір қарайған бұта-бүргендерге күдіктене үңіледі. Беймаза сезіктен әбден діңкелеген кезде, “Әй, құдай өзі берген жанын өзі алар” дегенді тағы қайталап, аткөрпесін жерге төсеп жіберіп, созылып жата кетті. Бірден көзі ілініп, маужырай берген еді, бетіне тиген жып-жылы демнен шошына көзін ашып алғанда, тарғыл иті Мойнақты көріп, қуанып кетті.

– Әй, сен бар екенсің ғой. Түннен бері қайдан жүрсің, күшігім-ау? – деп, итті мойнынан құшақтады. Бірақ оның әлденеден именіп, мазасызданып тұрғанын аңғарып, жүрек тарсылы тағы үдеп сала берді. Ергеш марқұм “қасқыр алады” деп мақтайтын тарғыл төбет құйрығын шөмітіп, несіне тығыла түседі. Асылзерде енді батырлықты жиып қойып, жалдас торыға мініп алды да, қайтып түспеді. Бір мезет: “Қойы да, бәрі де құрып кетсін. Осы күйі орталыққа тартып отырсам ба екен”, – деп толқыды. Бірақ өзіне сеніп тапсырылған осынша малды несіз қалдырудың жөнін таппай, тағы дағдарды. Сөйтіп өзімен өзі арпалысып жүргенде, кеш

те болды. “Бір түнге шыдайын, – деп ойлады Асылзерде. – Ал таңертен қойды өріске шығармастан ауылға тартайын. Келсін де санап алсын. Мына түріммен айдалада жынданып кетермін”.

Қойды қораға қақпайлай бастаған. Өріске кеш шыққан немелердің аузы жерге жабысып қалғандай, қасына кеп түртіп қалғанша былқ етпейді. Күндегісіндей бір жақтан көмектесудің орнына иті құрғыр сүмендеп, торы аттың бауырынан ұзар емес. Ашуы қайнап басына шыққан әйел қамшыны аямай сілтеп, итті қан қақсатып қойды. Кенет... қойдың арғы қапталы өз-өзінен бері жапырылып, біреу кимелей айдағандай-ақ ауылға қарай жосып берді. Күні бойы қасында көзге көрінбейтін біреудің еріп жүргеніне Асылзерде енді шын иланды. Әйтеуір, өзіне зиян жасамай, қайта көмегі тигеніне іші жылығандай болып, бәріне көндіккен халмен қойдың соңынан еріп үйіне қайтты. Малын суарып, орындарына жайғастырды. Күндегіше ыстық тамақ қамдап жіберуге, тіпті, шәй қоюға да зауқы соқпай, айран іше салып, төсегіне қисайды. Жымысқы қорқыныш титығына жеткен екен, бәрін де бір құдайға тапсырып, жастыққа басы тиісімен-ақ қор ете қалды.

Қанша ұйқтағаны белгісіз, Асылзерде есік тықылынан оянып кетті. Расында, біреу есік қағып тұр екен. Кешеден бері бойына сіңіп қалған үрей тұла бойын дір еткізгенде, санасына да бір белгі берілді. “Асылзерде, мен саған еш зиян істемеймін. Сөйлесу керек, есігіңді аш”.

Бойы лезде байсал тартып, үрейі тарап кетті. Шам жағып, есікке жақындады. Екіойлы қалыппен сәл бөгеліп қалып еді, “Аш. аша ғой, мен сенің досыңмын”, – дегендей болды ар жақтағы. Асылзерде бұл сөздерді құлағымен емес, миымен қабылдап жатқанына таңырқай тұрып, есікті ашып жіберді. Жартылай ашылған саңылаудан келіп тұрғанның түрін көзі шалып үлгергенше, “Сен қорықпа. Мен жердің тұрғыны емеспін”, – дегенді ұғынды. Сондықтан да былқ-былқ еткен ақ аюға ұқсас мақұлыққа құрметті қонағын қабылдап тұрғандай-ақ еш шошынбастан шегініп жол берді. Үйге кірген “қонақтың” артынан есік жауып, шам жарығымен бастан-аяқ мұқият қарап алды. Шынында, кәдімгі кітаптардағы ақ аюға ұқсайды екен. Бөксеге дейін жіңішкелеу, ал төменгі жағы жалпая түсіп, ірк-ірк етеді. Қысқа, жуантық аяқ-қолдарында үш башпайдан ғана. Денесі жүндес емес, адамның терісіне де ұқсамайды, баяғыда апалары көйлек киетін панбарқыт деген асыл матаға ұқсас, тықырлау. Кеудесі жоғарылаған сайын жіңішкере түсіп, мойынға иықсыз ұласып, одан әрі не

аюдың, не адамның басына ұқсамайтын доп-домалақ шарға айналады. Ешқандай түксіз бет дегеннің орнында бірінің астына бірі орналасқан екі ұзынша ойық бар. Оның жоғарғысы, сірә, көз міндетін атқаратын болар, тереңінде жүгіріп жүрген екі қара нүкте қарашығы сияқты. Төменгісі, адам өлшеміне салса, тыныс мүшесі болуға тиісті. Әлде ауыз ба екен? Тіпті осы екеуінің де міндетін қатар атқаруы, өйткені осы екі ойықтан басқа бұл домалақта құлақ не басқа еш мүше көрінбейді. Асылзерде әбден зерттеп болсын дегендей, “қонақ” тырп етпей тұр. Оны бастан-аяқ көріп болған әйел, “Ал?..” дегендей, екі қарашық ойнап жүрген үстіңгі ойыққа қарады. Бір қызығы, екі қарашық бірін-бірі басып өтіп, орын алмаса береді екен. Тынымсыз қозғалады. Осынша тамашаны қызықтау әйелге қорқыныш дегенді мүлде ұмыттырып жіберген. Әрі мына бейтаныс жан иесінен аңқып тұрған сенім иісі еш күдікке орын қалдырар емес.

– Мен өзге планетадан келдім. Қайдан келгенімді егжей-тегжейлі түсіндіріп сенің басыңды ауыртпайын. Ең бастысы, маған сенің сенімің керек еді. Кешеден бері сыртыңнан бақылап, оған қол жеткізген сияқтымын. Енді сен маған көмектесе аласың. Мен сені дұрыс таңдаған екем, – дегенді ұқты әйел. Осы сөздер санасына жетіп жатқанда, төменгі ойықты осынша бағып еді, бірақ ол ауызға ұқсап қозғалмады. Дегенмен хабардың басқа ешқайдан емес, дәл осыдан шығып жатқанын түйсінді.

– Менің қолымнан не келеді? Айдалада мал бағып, малмен күнелтіп жүрген қойшы әйелмін. Өзге планетадан келгендер болады, олар тәрелкемен ұшып келеді дегенді қазір интернатта оқып жатқан ұлдарымнан естігенім бар. Басқа түк те білмеймін.

– Сенің қолыңнан көп нәрсе келеді. Өйткені сен, қандай болғанда да, адамсың. Адамды тек адам ғана жеңе алады. Әрине, мен саған Күш беремін.

– Тоқтаңызшы... осы түнде біздің қорада болған сіз бе?

– Иә, мен.

– Менің малымды не істеп қойдыңыз?

– Бір тәжірибе жүргізіп ем, бірақ ол малыңызға зиянсыз, жаман ойламаңыз.

– Бәсе... тесіктен сығаласам, кәдімгі қызыл сиырым қарсы қарап, адамша шоқиып отыр. Алдыңғы тұяғының арасына қыстырып алған добалдай темскіні аузына апарып бұрқ-бұрқ түгін шығарады. Менің сығалағанымды сезгендей, тура маған қарап, адамша қарқ-қарқ күлгенде шалқаннан түсе жаздадым. Бие мен жалдас торыны шала-шарпы ғана көзім



шалды, олар да шоқнып отырған сияқты. Сізді арқа жағыңыздан ғана көрдім. Астапыралла! Сонда сіз олардың бәрін адамға айналдырып жібердіңіз бе, немене?

– Өттен, менің қолымда болса, сахналарында әртістер емес, осындай жануарлар адам ролін ойнайтын етер едім. Қандай сабақ болар еді! Сонда ғана адамдар адамдық қалпын сақтап қалудың қаншалықты қажеттігін түсінер еді-ау...

– Опыр-ай, соның бәрін істеген сіз екенсіз ғой. Күні бойы не ойларымды білмей, есімнен ауысуға шақ қалдым емес пе?! Керемет! Біреуге айтсам, сөзіме ешкім сенбейді-ау.

– Ешкімге ешқашан айтушы болма. Мен адам мінез-құлқын зерттеп жүрмін. Бұған сенбек түгілі, есі дұрыс емес деп өзіңді қоғамнан бөлектеп тастайды. Өзіңе зиян жасайсың.

– Әрине, кім сене қойсын. Өзім де сенбес едім ғой. Ға-жа-ап! Өзіңіз отырсаңызшы. Ә, орындыққа сыймайды екенсіз ғой. Мына бөлмеге жүріп, диванға жайғасыңыз.

Асылзерде қонағына диванның да тарлық ететінін байқап, тез қимылмен оны жазып жіберді.

Аспаннан келген мейман қысқа аяқтарын екі жаққа созып жіберіп, арқасын қабырғаға тірей жайғасып отырды. Асылзерде орындықты жақындатып әкеліп, диванның қасына қойды. Өзге планетадан болса да қасына біреудің келіп, жалғыздықтан сейілгеніне риза. Туған анасынан басқа еш адамға, тіпті он жыл отасқан күйеуі Ергешке де дәл осындай риясыз сеніммен қарай алмаған екен. Ал мына жан иесінен аңқып тұрған адалдық бұның да жан дүниесіне әсер етіп, қандай өтінішін де орындауға деген ықыласын оятқандай.

– Құлағым сізде, құрметті мейманым...

## ӨЗІҢНЕН ЗОР ШЫҚСА...

Аяғыңды сүйрете баспасаң, тайып жығылардай жап-жалтыр, ат шаптырым кабинеттің қақ төрінде, абажадай қара үстелдерге қамалып отырған етжеңді, жалпақ бетті, бұқа мойын, шойын қара алдына имене кірген келіншекке көзілдірігінің үстінен таңдана қарады. “Қойшы әйел дейді, ә? Айдаладағы шопан әйелдің менде не жұмысы болуы мүмкін?!”

– Жақынырақ, мында отыр, – деді ол есік жақ шеттегі орындыққа отыра кеткен әйелге қарсысында тұрған жұмсақ креслоны нұсқап, – Қысылма. Алыстан сөзің естілмейді.

Әйел қолдарын уқалап, сөзді неден бастарын білмегендей, төмен қарай береді.

– Ал, құлағым сенде. Шаруаңды айта отыр.

– Еренбақ Көпболсынов сіз бе?

Бастық мырс ете қалды. “Әдейілеп іздеп келіп отырып, сөзің қарашы. Әй, надандық-ай!”

– Есіктің сыртынан оқымадың ба?

– А, иә, оқыдым... сіз... – әйел тағы күмілжи бастады.

– Қарағым, не шаруамен келдің? Айтсаңшы ашып-ашып. Ырғалып отыратын уақыт жоқ, бір жиналысқа баруым керек.

“Мен мұның әр сөзін аузынан суыртпақтап тартып алып отыруым керек пе? Жұқармасына қоймайды ғой тіпті”.

– Айтсам, мені сізге бір кісі... кісі емес-ау, не деуге болады... иә, өзге планетадан келген кісі...

– Өзгепланеталық?! – Шынының ар жағындағы ала көз бағжаң ете қалды. – Ол қайдағы өзге... планеталық?

– Кәдімгі... баласын өзіңіз ұстап алып, тығып отыр екенсіз ғой. Сол баланы қайтаруыңызды өтінеміз!

Еренбақ толық денесіне үйлеспейтін шалт қимылмен орнынан тұрып кетті.

– Ау, сен өзі... есің дұрыс па? Не сөйлеп отырғаныңды білесің бе өзі? Әлде жындылар үйінен қашып шыққанбысың?

Мына сөз әйелдің намысын бұрқ еткізді. Үстелді сарт ұрып, бұл да орнынан түтіге атып тұрды.

– Жынды емеспін. Баланы қайтармайтын болсаң, өзіңнің сол жерден бір-ақ шығуың мүмкін.

– Әй, әй... – Еренбақ қатты ашудан түкірігі шашырап, тұтықты да қалды. Мынадай салпы етек қойшы әйел түгілі, міністірлеріңнің өзі бетіне қарсы келе алмайтын атакты ғалым мына шектен шыққан көргенсіздікке шыдай алмай көгеріп-сазарып, бірден ашуға ырық берді:

– Шық! Шық кәне! Надан... ақымақ қатын!

Әйел бірақ тайсалмады. Мұны да долылық буып, мұрын желбезектері желбіреп кетті.

– Оқымысты, ақылдымыз, көргенді, мәдениеттіміз сен бе сонда? Ғалымдығына болайын! Жеке басыңның пайдасы үшін дүниежүзілік ғылымға пайдалы бағалы жаңалықты жасырып отырған кім? Мұныңмен сен бүкіл Жер планетасына қауіп төндіріп отырғаныңды білмеймісің әлде? Анау балақайға бірдеңе болса, менің Жыжы досым қолынан келген жаманшылығын аяп қалайын деп отырған жоқ. Өйткені оларда біздіңше санағанда елу жылда бір ғана бала дүниеге келеді екен. Сондай кәдірлі баласын саған беріп қойып, олар жұлдыз санап жүр ғой деймісің. Қайтар баланы!

– Жыжы досың кім еді тағы?

– Айтып отырмын ғой, сенің тұтқыныңдағы балақайдың әкесі деп. Мен соңғы кездегі газеттерді түгел қарап шықтым, ол туралы бір ауыз сөз жазылмаған. Демек сен оны жасырып отырсың.

– Оттапсың! До­лы әйелдің әдепсіздігінен басқа түк те емес мұның. Менімен алыспақ болған талай сары тіс оқымыстыларыңның өзі диуана құсап тезек теріп кеткен. Сен сияқты жаман қойшымен салғыласып жатудың өзі басыма мін. Айтып тұрғаның қай бала, жауып тұрғаның қай жала? Жарқыным, әліңді біл, шынымен жындыханадан шықпаған болсаң, оған түсіп қалмай тұрғанда үйіңе қайт!

– Қайта алмайтын шығармын. Жыжы мені әдейі таңдап алып, бүкіл халықтың атынан өкіл етіп жіберді.

– Халық?! Халықтың атынан сөйлейтін сен кімсің өзі? Ұпай жинау үшін “халқым-ау, халқым” деп сай-сүйегінді сырқырататын ақынсымақтар-ақ жалықтырып болып еді, сен солардың қияли біреуі емеспісің? Қайдан шыққан ақылгөйсін өзі, қай академияны тауысып ең-әй?

– Академияны саған-ақ бердім, қарық қылсаң. Мен қарапайым қазақтың сөзін айтып тұрмын.

– Өйдөйт дерсің, сенің аспаннан келген Шыжының қазақ болып шықты ма сонда... – Еренбақ жуан қарнын селкілдетіп, ыркылдай күлді де, өңін тез суытып ала қойды. – Халық дегенің мына менің уысымда. Халық дегенінді бір мезгіл маңдайынан сипап алдап-сулап, бір мезгіл қайқаң еткізіп ащы таяқты тұщы етіне батырып қойып, түп төркінін ұмыттырмай, қойдай иіріп отырған көкең менмін.

– Түп төркіні кім екен сонда?

– Кім болушы еді, халық деген – жануардың жетілген түрі. Қолында билігі бардың айдаған жағынан табылатын және де әрқайсысы бірінші болып айдалсам деп жінігетін қара тобыр.

– Астапыралла, мына мысық тілеуің Жәдігерім мен Жауынгерімнен аулақ! Мен отыз екі омыртқамды ауыртып екі бірдей ұлды құл тірлік кешу үшін тапқан жоқпын. Есімдерінің өзіне үлкен үміт артқанбыз. Асқақтама, азғын көкірек, сол бұқараның сен де бірісің. Екі аяғың салбырап, Жыжы құсап аспаннан түскен жоқсың. Сол халықтың алдына алып шығып сайратайын ба, қалай құйқылжығаныңды көрер едім. Екіжүзді!

– Оның дұрыс енді. Екіжүзді емес адам басшы бола алмайды, өмірдің қай қырына да сай бола білу керек. Әй, мен нағып саған сөзімді қор қылып тұрмын осы? – Еренбақ сырттан біреуді шақырғысы келгендей есікке беттеген, Асылзерде бір-ақ аттап оның жолына кесе-көлденең тұра қалды.

– Шақыра алмайсың, әуре болма. Дәл қазір Күш сен жағында емес, менің қолымда, мына оң қолымда. Сенбейсің бе? – Оң қолын созып, Еренбақтың иығына салып еді, тұла бойы ток ұрғандай селкілдеп, от алған трактордай қалшылдап кеткен ғалым есінен айырыла сылқ етіп жерге отыра кетті.

– Көрдiң бе, көзiң жеттi ме? Мен, сенi өстiп далаға алып шығып, өзiң айтқан тобырға iстеп жүргенiңнiң бәрiн жайып саламын. Талай жыл қасықтап жиған абыройыңнан бiр сәтте-ақ айырыласың. Менiң сөзiме ел сенбесе, Жыжы досым өзi көрiнуге даяр. Ал кәне, жүр далаға! – Әйел тағы қолып соза берiп едi, ақ басты ғалым шар етiп, атып түрегелдi.

– Тұра тұр. Сөйлесейiк...

– Мұның ақыл. Күпсiнгенiңнiң, артық сөзiңнiң ешкiмге қажетi жоқ. Баланы машинаға салып алып, мен айтқан жерге апарып саласың. Сенiң машина жүргiзе алатыныңды бiлемiз. Айдалада бiр қора қойым қалды. Күйеуiмнiң жылын бермей жатып, ерiккеннен шауып келдi ғой деймiсiң қалаға.

Не iстерiн бiлмей, ойы сан-саққа жүгiрiп тұрған ғалым мына сөздi естiгенде жадырап сала бердi. Жүзiн жылытып, күлiмсiрей, әйелге ұмсынып қалды.

– Ау, атың кiм өзi сенiң? Дұрыстап таныспаппыз да.

– Оның саған қажетi жоқ.

– Сен ғой екi баламен жесiр қалдым деп тұрсың. Мың құбылған мынау аумалы-төкпелi заманда саған ең керегi не қазiр, ойлашы өзiң. Әрине, ақша. Және де бұрын өңiң түгiлi түсiңе кiрiп көрмеген мол ақша. Түсiнесiң бе? Ақ-ша... теңге! Мен қазiр мына темiр сандықты ашамын да, қапшығыңды толтырып беремiн. Сөйтiп, тату-тәттi тарасайық. Қайдағы бiр пәледе нең бар, таба алмадым дей сал. Баласы менiң қолымда тұрғанда ол тiрi жанға зәредей де қиянат жасай алмайды, сенен басқа ешкiмге батып келе алмағанын көрiп отырған жоқсың ба? Керiсiнше, ол баласы бiзге, адамдарға пайдалы қаншама жаңалықтар ашуға көмектеседi. Атағы менiкi болғанымен, қызығын халқым... мына сендер көресiңдер. Ал мен берген ақша таусылған күнi тағы кел, жетiм-жесiрлерден аянарым жоқ, сендердi өмiр бойы асырап өтуге даярмын, таршылық көрсетпеймiн. Жетiм-жесiрге қарас деп пайғамбардың өзi өсиет еткен.

Асылзерденiң iшi қылп ете қалды. Ақша дейдi? Және де өмiр бойы таршылық көрсетпеймiн дейдi. Құдайым-ау, Ергеш қайтыс болғанда, ендi қайтiп өмiр сүремиз деп жылағаным құлағыңа жеткенi ме, шынымен? Жатжерлiктiң баласы қолына тисе, “шүү, қарақұйрық” деп, өзiнiң аспанынан бiр-ақ шығар. “Мен саған байлық берем”, – деп ол да айтқан едi, бiрақ олардың байлығы қандай екенiн кiм бiлсiн, мәселенiң басын ашып сұрамадым да. Ол түк бермей тайып отырса, екi балам бiр жақта, өзiм тағы айдалада қалғаным ғой. Ау, маған ақша неге керек болмасын, керек, әрине. Қаладан үй сатып алып, балаларыммен бiрге көшiп келер ем ғой...

– Ақша деймісің? Сонда қанша бермексің, кәне ашшы сандығыңды.

– Қазір, қазір! – Семіз денесімен жылдам қозғалып, кітаптар жиналған текшені жылжытып, ар жағынан айналып келген сейфті ашты. Асылзерде ентелей көз тікті. Кілең белінен буылған көкала қағаздардан көзі тұнып кетті. Қолын соза бергенде құлағына кешеден бері таныс болып қалған жатжерліктің дауысы жетті. “Алдауына көнбе! Ондай байлықты мен саған қалауыңша бере аламын. Тезірек баламды қайтар. Өз балаларыңды ұмытпа!” – дегендей болды. “Алла, алла, ақшаның буы деген осы екен-ау, балаларымды ұмытып кете жаздағанымды қарашы. Бәлесінен аулақ!” Асылзерде енді мына алдында үйіліп жатқандар ақша емес, жәй бір қағаз сияқты танауын көтере мырс етті.

– Сен шынымен мені мына аткөпір көкала қағаздарға сатып аламын деймісің? Ең әуелі, бұлар сенің қолыңа ақ, адал термен келген дүние емесіне мына басымдағы шашымдай сенемін. Осынша әуреге түсіп еткен еңбегімді Жыжы досым ақтамайды ғой деймісің? Оның бергенін мен жиіркенбей қабылдай аламын. Ал сенің арамнан жиған ақшаңның қажеті жоқ! – Асылзерде сөйлеген сайын өзін өзі жұбатып, босаған тетіктерін катайта бұрап тұрғандай еді.

– Сен не білесің? Бұл өз еңбегім, оған күмәнданбай-ақ қой.

– Мен неге білмеймін, көзімді ашқалы көріп келе жатқаным сендейлер болса. Тарт әрі! – Асылзерде кітап жиналған текшені айналдырып жіберді.

– О, құдауанда, ақшаға қызықпайтын сен кімсің өзі? Аты-жөнің кім?

– Оны бағана кірген бетте сұрауың керек еді. Сауалыңа жауап беретіндей тұтқыныңда отырмаған шығармын. Сөзді доғар, тұр орныңнан!

Қолын созып, саусағының ұшын тигізіп еді, Еренбақ зырылдауықша үйіріліп, көкке бір ұшып түсті.

– Болды, болды. Жүріңіз, алыңыз.

– Тұра тұр! Сен, зәлім, құйрығыңды түлкіше бұландатып, мені алдап кетем деп дәмеленбе. Жұрттың көзінше әсіресе сақ бол, бір саусағымның ұшы тигендегі көргенің жаңағы, сен қашпақ болып, мен екі қолыммен бірдей ұстай алсам, бітті, күлің ғана қалады. Сондықтан, ескертемін, сақ бол. Ұқтың ба?

– Ұқтым...

– Ұқсаң, жүр!

Еренбақ жылпос даяшыларша маймаң қағып алдыға түсті. Кеңсенің ұзын дәлізінде қарсы жолыққан қызметкерлер бастықтарының әдеттен тыс абыржыңқы, жорға жүрісіне

таңырқағандай болса да, таяп келгенде жандары қалмай, жалпылдай амандасып өтеді. Дәліздің орта тұсындағы темір есікке жете бере Еренбақ әлгіге еніп кеткісі келгендей, оқыс қимыл жасап қалып еді, аңдып келе жатқан Асылзерде шынтағынан шап берді. Есеңгіреп барып есін әрең жиған Еренбақ қайда тұрғанын ұмытып, қалбалақтап қалды. Оны сырт көзден денесімен қалқалай қойған әйел құлағына зілдене сыбырлады:

– Әбілет басқыр, ендігі кикаңыңды көтермеймін. Жан-жағыңа бұрылып та қарама енді. Жүр!

Тағы қолын соза беріп еді, ол ыршып түсіп, әлгіндегі аздаған салмағын да ұмытып, құйрығы қайқайып лыпылдай жөнелді.

– Асықпа, жәйіңмен жүр. Елді дүрліктіресің! – деп сыбырлады қасындағы жаналғышы.

Көзінің қиығын әйелден алмаған күйі, бәрібір нығыз қалпына түсе алмай, өзіне бітпеген жылдамдықпен жылтыңдай басып есік алдына шықты. Күнге шағылыса жарқырап тұрған қара машинада отырған шопырдан кілтті алып, оған қолын сілтесі салды. Есіктен еңкейіп кіре бере тағы ойы бұзылғандай болды, тез отырып, жүріп кеткісі келген пиғылын тани қойған Асылзерде оң қолын машинаға тигізді. Тұла бойы тыз ете қалған Еренбақ қаңбақша ытқып шықты. Құлдырандай жүгіріп келіп, артқы есікті ашып, Асылзердені отырғызды. Есікті еппен жауып, маймандай басып кеп өзі отырды.

– Сен бұлтақты қоямысың, жоқ па?

– Қойдым, қойдым, кешіріңіз!

– Тарт, ендеше, баланы жасырған жерге!

– Құп болады!

## **БАЙ ЖІГІТ ЕДІ АРМАНЫ...**

Назар жасы елудің ар жақ, бер жағындағы жігіт ағасы екен. Толық денесі босаңсып, қарны салбырап кегіпті. Бурыл шашы майланып, білтеленіп тұр. Күреңқызыл мерседестің иесі демесең, Ырысхан көзіне іле қоятын адам емес. Қозғалыссыз рүлде отырғанның өзін ауырлағандай, ырс-ырс етіп, быршып, тері тыйбылар түрі көрінбейді. Қыздың жүрегі айнығандай болып, теріс бұрыла беріп еді, арт жағында отырған Бикеш бүйірінен батыра нұқып қалды. Ауырсына жалт қараған бұған ешкімге білдірмей ғана жұдырығын көрсетті. Содан кейін үш саусағын бір-біріне үйкелеп, көзін қысып қойды. “Түрін қайтесің, ақшасы көп, икемделе бер!” – дегені. Амалсыз енді бетіне көз салмауға тырысып, иығын еркекке қарай бұра отырды.

Қайықша жеңіл сырғыған машина жүрісі мен жүрек тербеген жайлы музыка бірте-бірте еліктіріп, Назардың бұған көпшікті қалындай қоя сөйлеген мақтаулары жағып, өзі де алғашқыдай емес, кішкене тартымдырақ көріне бастағандай халге жетті. Анда-санда оң қолын мұның санына салып, батыра сипап қояды. Көз қиығымен көріп отыр, Бикеші қасындағы жігіттің құшағына тығылып, жабысып алыпты.

Ресторанға кіріп, үстел басына жайғасқан соң көңілділік шегінен асып, шарықтай түсті. Назар мұны өзіне икемдеп, біржола меншіктеп алған. Боғауыз сөздерді онды-солды боратып, есіп отыр. Ішімдік қызуынан екі беті қызарып, алабұртқан қыздың құлағына аузын тақап: “Бүгінгі түн ертегі болады!” – деп сыбырлады.

Бұл оның жасын сұрап еді, ондайды жасыратын әйелдерден бетер ыңғайсызданып, күмілжіп қалды. Кібіртіктеп барып: “Біразға келдік қой, – деді. – Жігіт қай жаста да кәрі болмайды ғой. Құдайға шүкір, әлі де бір қызды қартайтатын шама бар. Оған ақша да жетеді”.

– Маған бриллиант сырға әпересің бе? – деп бұл да ашық кетті. Ана екеуі де сөзді тоқтатып, құлақ түре қалысты. Назар дәл қазір жолынан жығылмау ниетімен болса да:

– Дүкенге ертіп апарам, таңдағаныңды аласың, – деді.

– Мен ең жақсысын таңдаймын. Өйткені мен... – қыз көзін екі жігітке қылмындатып, өп-өтірік ұялғансып, төмен қарады. – Мен әлі... қызбын...

– Рас па? – Назар сенер-сенбесін білмей, аңырып қалды.

– Рас. Айтуға да ұят, жасым біразға келсе де әлі қызбын.

– Жаным сол. Айттым ғой, қалағаныңды алып берем. Көңілімді аспанға бір шығарсаң, сенен ештеңе аямаймын.

– Кәне, сол үшін алып қоялық! – Бикеш колпаштай сылқ-сылқ күліп, рәмкесін созды. – Бүгін сен екеуіңнің күнің. Түбіне дейін алындар. Ал енді билейміз!

Төртеуі биге шықты. Назардың ырсылдаған демін тіпті жақыннан сезіну, үнемі тершіп жүретін бетіне көз тоқтатып қарау нағыз азап екен. Жұлқынған биде қарнын былқ-былқ еткізіп, жеңілтектене бұралаңдағаны ерсі көрініп, екі-үш би арасында Ырысхан Назардан біржола суынып та бітті. Ендігі биде Бикештен бұрын қимылдап, Опабекті іліп әкетті. Ұяндау, сүйкімді жігітке мас болған жарасады екен. Ерке балаша шолжаңдаған қылығы тартымды. Екеуі бір-бірін жаңа тапқандай, жабыса түсті. Аналар байқамайды-ау деген кезде сүйісіп те алды.

– Анаумен жиіркенбей қалай жатпақсың, тасташы соны. Әбден қызғанып біттім. Маған да Бикеш емес, сен керексің. Бүгін екеуіміз бірге кетейік! – деді жігіт қиылып.

– Кетсек, кетейік. Бірақ сен мені тек қана үйге дейін шығарып саласың. Үйге кірем деп мазамды алмайтын бол. Жаңа айттым ғой неге екенін.

– Ау, жаңа ғана оныңды Назар көкеңе сатпақ болып саудаласып жатыр едің ғой. Маған қимаймысың?

– Ал сен маған не әпере аласың?

– Сөйтуге бола ма екен? – Опабек ренжіп қалды. – Мен Назардай бай емеспін. Бірақ сен маған ұнап қалдың. Айтқаның шын болса, мен саған үйленем.

– Қойшы?! Әйелің, бала-шағаң...

– Сен маған күйеуге шықсаң, айрылысам.

– Неше балаң бар өзі?

– Үшеу. Екі қыз, бір ұл.

– Шынымен үйленемісің маған? Әлде мастықпен айтып тұрсың ба?

– Менде екі сөйлеу деген болмайды.

– Онда... тәуекел деп тас жұт деуші ме еді? Алдайтын болсаң, бәрібір, шаңырағыңды ортасына түсіремін. Әйеліңе барып, не істеп жүргенінді түгел айтып берсем, өзі-ақ қуып шығар. Мен саған ойыншық болатын қыз емеспін.

– Қалай-қалай сөйлейсің... Алдамаймын, сені бір көргеннен ғашық болдым, жаным.

– Онда қазір Назарға отказ беремін.

– Сөйтші.

– Ол сенің бастығың ғой, жұмысыңа зияны тиіп жүрмей ме?

– Көріп алдым.

– Нағыз жігіт екенсің! Сен маған барған сайын ұнап барасың, қаттырақ қыса түсші.

Екеуі тағы сүйісті. Би аяқталысымен Ырысхан Бикешті қолынан тартып сүйрей жөнелді. Темекіні бұрқырата тұрып, ол құрбысына ашығын айтты:

– Бика, сен ренжімеші, мына Назарыңды суқаным сүймейді. Ақшасы көп болса қайтейін. Сол немені бүгін өзің аласың ғой деймін.

– Сонда не, саған Опабек ұнап қалды ма?

– Оның маған үйленгісі келеді.

– Бас жоқ, көз жоқ, үйленем дей ме? Жынды шығар?!.

– Жынды емес. Қыз екенің рас болса, үйленем дейді.

– Ал... сен оны қалай дәлелдемексің?

– Ертең операцияға барам. Қазір қыз бола салу проблема емес. Баксың болса, бәрі де орнына келеді.

– Сезіп қойса не болады?

– Сезбейді. Төсек мәселесін қорққан болып, сенбестік білдіріп соза тұрармын. Еркектер де бала сияқты. Әсіресе